

2017 жылға арналған субсидиялауға жататын ауыл шаруашылығы дақылдарының квоталарын белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 23 мамырдағы № 791 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 маусымда № 5859 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 бұйрығына (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 10190 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Белгіленсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес субсидиялауға жататын күріштің бірегей және элиталық тұқымдар квотасы;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес субсидиялауға жататын жоңышқаның бірегей және элиталық тұқымдар квотасы;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес субсидиялауға жататын жеміс-жидек дақылдары және жүзімнің элиталық көшеттерінің квотасы.

2. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің

2017 жылғы "23" мамыр

№ 791 қаулысына 1-қосымша

Субсидиялауға жататын күріштің бірегей және элиталық тұқымдар квотасы

№	Тұқым шаруашылығының аттестталған	Бірегей тұқым өндірушілердің бірегей тұқымдарды	Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының	Элиттұқымшардың егіске нақты пайдаланған өзі өндірген бірегей тұқымына, тонна	Тұқым өсіру шаруашылықтарының және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің нақты сатып алған элиталық тұқымына, сонымен қатар тұқымшардың
---	-----------------------------------	---	--	---	---

	субъектілері мен аудандардың (қаланың) атауы	нақты өндірген (көлеміне, тонна	нақты сатып алған бірегей тұқымына, тонна		егіске нақты пайдаланған өзі өндірген элиталық тұқымына, тонна
1.	"Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" ЖШС-гі	-	-	16,7	-
2.	"Түгіскен ТШ" ЖШС-гі	-	-	3,1	-
3.	"Мағжан және К" ЖШС-гі	-	21,8	-	-
4.	Жаңақорған ауданы	-	-	-	29,1
5.	Шиелі ауданы	-	-	-	41,3
6.	Сырдария ауданы	-	-	-	65,3
7.	Жалағаш ауданы	-	-	-	67,9
8.	Қармақшы ауданы	-	-	-	53,1
9.	Қазалы ауданы	-	-	-	25,5
10.	Арал ауданы	-	-	-	-
11.	Қызылорда қаласы	-	-	-	11,6
	Облыс бойынша:	-	21,8	19,8	293,8

Қызылорда облысы әкімдігінің
2017 жылғы "23" мамыр
№ 791 қаулысына 2-қосымша

Субсидиялауға жататын жоңышқаның бірегей және элиталық тұқымдар квотасы

№	Қала мен аудандардың атауы	Бірегей тұқым өндірушілердің бірегей тұқымдарды нақты өндірген көлеміне, тонна	Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының нақты сатып алған бірегей тұқымына, тонна	элиттұқымшардың егіске нақты пайдаланған өзі өндірген бірегей тұқымына, тонна	Тұқым өсіру шаруашылықтарының және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің нақты сатып алған элиталық тұқымына, сонымен қатар тұқым шаруашылығының егіске нақты пайдаланған өзі өндірген элиталық тұқымына, тонна
1.	Жаңақорған ауданы	-	-	-	1,6
2.	Шиелі ауданы	-	-	-	1,2

3.	Сырдария ауданы	-	-	-	1,2
4.	Жалағаш ауданы	-	-	-	1,4
5.	Қармақшы ауданы	-	-	-	0,7
6.	Қазалы ауданы	-	-	-	1,0
7.	Арал ауданы	-	-	-	-
8.	Қызылорда қаласы	-	-	-	0,4
	Облыс бойынша:	-	-	-	7,5

Ескертпе. Аббревиатураның толық жазылуы:
ЖШС - жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
Оригинатор-бірегей тұқым өндіруші;
Элиттұқымшар- элиталық тұқым шаруашылығы;
Тұқымшар- тұқым шаруашылығы.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2017 жылғы "23" мамыр
№ 791 қаулысына 3-қосымша

Субсидиялауға жататын жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерінің квотасы

№	Қала мен аудандар атауы	Нақты сатып алынған жеміс-жидек дақылдарының элиталық көшеттері, дана	Нақты сатып алынған жүзімнің элиталық көшеттері, дана
1.	Жаңақорған ауданы	20 000	-
2.	Шиелі ауданы	50 000	-
3.	Сырдария ауданы	10000	-
4.	Жалағаш ауданы	-	-
5.	Қармақшы ауданы	-	-
6.	Қазалы ауданы	-	-
7.	Арал ауданы	-	-
8.	Қызылорда қаласы	-	-
	Облыс бойынша:	80 000	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК